



Ақтөбе қалалық білім бөліміне
«№74 жалпы білім беретін
орта мектебі» КММ-нен

Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын-алу бойынша

ТАЛДАУ

(2021-2024 оқу жылы)

Жасөспірім арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында бір қатар іс-шаралар жүргізілді:

«Ерте жүктіліктің және кәмелеттік жасқа толмағандардың жынысына қолсұғышылық алдын алу» туралы 7-11 класс қыз балаларын ақпараттандыру.

«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ сұранысы бойынша «Жасөспірімдік кезеңдегі жүктілік пен босанудың ағымының ерекшеліктері» тақырыбында «Медикус Центр» клиникасынан акушер-гинеколог Уташева Гүлбакыт Жанузакова келіп лекция өзікзді. 8-11 класс қыздарына етеккір кезеңіндегі ауырсыну, қай жастан бастап етеккір басталады, ерте жүктіліктің салдары қандай, оның алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қыздардың қойған сұрақтарына жауап берілді.

Сонымен қатар «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» қыз балалардан сауалнама алынды.

"Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында акушер-гинеколог дәрігерімен жиналыс өткізілді. Мектеп медбикесі Б.А.Беймбетованың ұйымдастыруымен 29 қараша күні мектебімізде 9-11 сыныптың қыз балаларымен жиналыс өтті. Жиналысқа арнайы шақырылған Қарғалы қалалық ауруханасының акушер-гинеколог дәрігері И.Х.Ахметкалиева жоғары сынып қыз балаларына "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында дәріс оқыды және денсаулыққа қатысты ақыл-кеңестерімен бөлісті. Сонымен қатар мектеп психолгі «Адамгершілік және жыныстық тәрбие бағытын анықтау» 8-11 класс қыз балалардан сауалнама алынды. «Зорлық-зомбылықсыз өмір» тақырыбында онкүндіктің іс-шаралар жүргізілді.

Отбасы күніне арналған "Отбасы - бақыт мекені" апталығы аясында 7 қыркүйек күні мектебімізде Жоғарғы соттың төс белгісі иегері, Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, "Мерейлі отбасы" Гран при иегері, "Патриоттық белсенділер" және "Елеулі еңбек" медальдарының иегері, Отбасын қорғау орталығының медиаторы Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызының қатысуымен "Отбасы. Тұлғааралық қатынас. Адамгершілік" тақырыбында ток-шоу өтті. Бағдарламаға жоғары сынып оқушылары қатысты. Шараның мақсаты - өскелең ұрпақтың бойында отбасылық құндылықтарға деген құрмет сезімін арттыру, ұлттық тәрбие беру.

"Қыз тәрбиесі - халықтың байлығы" тақырыбында кездесу өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың және құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған іс-шаралар аясында 15 қараша күні мектебімізге қалалық "Геолог" мәдениет үйінің мамандары келіп, "Қыз тәрбиесі - халықтың байлығы" тақырыбында "Сырғалым" қыз балалар клубының мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесуге келген Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайының көпшілікпен жұмыс және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі, "Шолпы" клубының идея авторы әрі

жетекшісі Сарыбай Алмагүл Сүндетқызы, тәжірибелі медиатор, педагог Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызы, "Геолог" мәдениет үйінің жанынан құрылған "Шолпы" қыз балалар клубының жетекшісі, бөлім менгерушісі Акжигитова Бибігүл Жақсыбайқызы ұлттық құндылықтар негізінде қыз бала тәрбиесі туралы дәріс оқып, қыз балалармен пікір алмасты. Шараның соңында мектеп психологі "Өрмекші торы" әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс алып, оқушылар кездесуден алған әсерлерімен бөлісті.

Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева "Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек" деген пікір айтқан. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасына сәйкес мектебімізде Даналық мектебінің жоспары бойынша "Жеңгелер кеңесі" секциясы өз жұмысын бастады. «Ғауһартас» жеңгелер клубының мақсаты: жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, ана мен бала, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыту, қыз балалардың адамгершілік қасиеттерін, Отанын, тілін, қазақи салт-дәстүрді құрметтей білуге, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге, туыстық қатынас, соның ішінде жеңгесінің алар орны мен рөлін ұғынуға тәрбиелеу. Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайын сіңлі арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Мектеп психологі жеңгелерге «Эмоция» смайликтер арқылы танысты.

Ұсыныс: Мектеп білім алушылар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын әрі қарай жүргізу.



Мектеп директоры:

Башанов А.Қ.

Мектеп психологы:

Амандық А.Ж.

